Егер бөлменің ішінде мынадай жағдалар бар болса, тоңазытқышты пайдалануға тыйым салынады:

- шамадан тыс дымқыл ауа (сол кезде бөлменің төбесі, қабырғасы, оның ішіндегі бұйымдар ылғалмен қапталған болады);
- химиялық тұрғыдан белсенді орта (мұнда бөлменің ішінде тұрақты немесе ұзақ уақыт бойы бу болады немесе ток өткізетін сымдарға бүліншілік әсерін тигізетін қыртыстар пайда болады);
- ток өткізетін (металдан, топырақтан, темірбетоннан жасалған) еден.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен тоңазытқыштың ішіне қуаты 2 Вт-ан астам шам қондыруға тыйым салынады.

Тоңазыту жүйесінің ішінде изобутан салқындатқыш агенті бар.



**ТЫҢДАҢЫЗДАР!** Тоңазыту жүйесінің тұмшалылығын бұзып қоймаңыз. Қар жамылғысын жою үшін пайдалану бойынша нұсқауда ұсынылмаған бұйымдар мен құрылғыларды пайдаланбаңыз.



Электр аспаптарын тоңазытқыштың ішінде пайдаланбаңыз.

**ТЫҢДАҢЫЗДАР!** Тоңазыту жүйесі бұзылған кезде бөлмені жықсылап желдетіп алып, тоңазытқыштың маңында ашық от көзінің пайда болуын болдырмау керек, өйткені изобутан тез

тұтанғыш газ болып табылады.

**ТЫҢДАҢЫЗДАР!** Тоңазытқышты тез тұтанғыш және от таратушы (перде, лак, бояу және т.б. сияқты) нәрселер мен заттарға жақын жерге жайғастырмаңыз.

Тоңазытқышты қабырғадағы қуысқа қоюға немесе жиһазға жапсарлай орнатуға,



тоңазытқыштың артқы қабырғасы мен бөлменің қабырғасының арасындағы, артқы таяныштар жасайтын саңылауды жабуға **Тыйым салынады**.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мына амалдарды орындауға **Тыйым салынады**:

- тоңазытқышты ток бойынша артық жүктеуден бұрыс қорғанған электр желісіне қосу. Электр желісінің 10 А электр тогына арналған қорғаушы құрылғысы болуға тиіс.
- тоңазытқышты іске қосу үшін жерге қосылмаған түйіспесі бар розетканы пайдалану;
- тоңазытқышты электр желісіне қосу үшін өтпеліктер (переходник), көп орынды (екі және одан да көп қосылу орындары бар) розетка, ұзартқыштарды пайдалану;
- тоңазытқыштың ішінде күшті спиртті (құрамында 40 және одан да көп пайыз мөлшерде спирті бар) ішімдіктерді тығыз жабылмаған бөтелкеде сақтау;
- тоңазытқыштың ішінде тез жарылғыш заттарды сақтау;
- мұздатқыш камераның ішінде қатып қалған сұйықтығы бар шыны ыдыстарды сақтау;
- компрессордың бетінде пайда болатын қар суын жинауға арналған ыдыс жоқ болғанда тоңазытқышты пайдалану;
- тоңазытқыштың үстіне өзге электрлік аспаптар (мәселен, шағын толқынды пеш, тостер және т.б. ), сондай-ақ судың электрсым элементтеріне шашырап кетуін болдырмау үшін сұықтығы бар ыдыстар, бөлме өсімдіктерін қою.

## 2. ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР



Тұрмыстық екі және бір камералы тоңазытқыштар (бұдан былайғы мәтінде – тоңазытқыш) азық-түлік өнімдерін тоңазытылған және мұздатылған күйінде сақтау, тағамдық мұз дайындау, үй тұрмысындағы сусындарды суыту үшін арналған.

Тоңазытқыштың пайдаланылу шарттары: қоршаған ортаның температурасы +18°C-ден +38°C-ге дейін болу керек.

Тоңазытқыш электр жиілігі 50 Гц және кернеуі 220(±10%)В болған айнымалы ток желісінен қуат алады.

**Тоңазытқышты сатып алған кезде сатушымен бірге 3 бөлімнің кестесіне қарап, оның жұмысқа қабілеттілігі мен жинақталығын, механикалық зақымдар жоқтығын тексеріңіз.**

**Тоңазытқыш сатылған соң өндіруші механикалық зақымдарға, бұйымның жинақталмағандығына деген кінәрат-талапты қабылдамайды.**

Тоңазытқыштардың бірнеше мынадай ыңғайлылық элементтері бар:

- тоңазытқыш тосқауылдарын биіктігіне қарай ауыстырып қоюға болады;
- қар суын тоңазытқыш маңынан жоюға болады;
- тоңазытқыштың ұстап тұрушы беті бар.



**Тыңдаңыздар:** Кепілдік талонға тоңазытқыштың сатылған күнін жазып, Сатушының мөртаңбасын соғуды талап етіңіз.


Тоңазытқыштың құрылымы ұдайы жетілдірілуде, сондықтан онда осы Нұсқауда баяндалып көзделмеген өзгерістер болуы мүмкін.

Буылған тоңазытқышты шешіп, тасымалдау түбінен босатыңыз. Реттегіш тіректер жәрдемімен тоңазытқыштың орнықты қалпын еденде реттеңіз, сонда тоңазытқыштың жоғарғы беті көлденең болу керек.



Тоңазытқыштың есігі дербес, Сіздің көмегіңіз, бірақ реттегіш тіректердің жәрдемімен (1-сурет) жабылуға ұмтылсын десеңіз, оны артқы жағына сәл (5-7 мм) еңкейтіп қойыңыз.

Тоңазытқышты пайдалануға кіріспес бұрын оның іші мен сыртын жылы сабынды ерітіндімен жуып, әбден құрғатып сүртіңіз де, ашық есіктің кезінде бір сағат ішінде желдетіп алыңыз. Тоңазытқышты жылулық көзінен алыс, күн сәулесі тік түспейтін жерде орнатыңыз (2-сурет).



2-сурет



**Электр желісіне қосудан бұрын тоңазытқыштың есігін ашып, бөлме температурасында кемінде 12 сағат ұстау керек. 12 сағаттан кем ұсталған тоңазытқышты электр желісіне қосуға болмайды, өйткені бұл – компрессордың сыналасып қалуын, майдың жүйеге басылып тығыздалуын, тоңазытқыштың істен шығуын келтіруі мүмкін.**

Қажет болған жағдайда тоңазытқыштың есігін де, мұздатқыштың есігін де қарсы жаққа ашылуға қайта іліп қоюға болады. Есіктердің орнын ауыстыру 1-Қосымшада келтірілген әдіспен іске асырылады.

Тоңазытқыш электр желісіне баусым ашасын розеткаға салу арқылы қосылады. Тоңазытқышты электр желісіне қоспас бұрын, салқындатқыш камераның ішіндегі кернеудегі кернеу желі кернеуге тең екеніне көз жеткізіңіз.



#### **Азық-түлік өнімдерін сақтау**

- 0°C ден жоғары температурада сақталуға арналған, жаңа өнімдерді тоңазыту камерасына жайғастырыңыз.

- Мұздатқыш бөлімінің астындағы температура тоңазыту камерасының температурасынан төмен болады, сондықтан тез бұзылғыш өнімдерді (HD-345RN үлгісін қоспағанда) жоғарғы сөреге жайғастыруға ұсыныс береміз. Жаңа азық-түлік өнімдерін сатаудың шамамен алғандағы мерзімдері 1-кестеде келтірілген.

Өнімдер:	Сақталу мерзімдері, күн											
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Мана ауланған балық	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■
Шәкі ет	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■
Тартылған ет	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■
Май	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■
Грильдік	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■
Сүт, қаймақ	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■
Жұмыртқа	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■
Нәмістер, консерві	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■

Дәнділік сапасын нашарлатпай қызықтанарлық, дәнділік сапасы


Мұздатылған күйінде ұзақ мерзімге сақталуға арналған өнімдерді полиэтилен қабыршыққа яки алюминий фольгаға алдын ала орап, мұздату бөліміне жайғастырыңыз. Өлшеніп оралмаған өнімдерді, сондай-ақ күшті иісі бар және иісті тез сіңіретін өнімдерді целлофанға, полиэтилен қабыршыққа, алюминий фольгаға және т.с.с. буып-түйіңіз.

Бөтен иістің пайда болуын болдырмау үшін, дәрілік препараттарды ауа кірмейтін қаптамасыз тоңазытқыш камераға сақтауға тыйым салынады.




Ашық ыдыстағы сұйықтарды буып-түйілмеген күйінде тоңазытқышта сақтау мұздатқыш камераның есігін терлертіп, «қарлы тонның» шапшаң ұлғаюын келтіреді.

Аспапты бөлме қабырғасының жанында бөлек орнатқан кезде тоңазытқыш пен қабырға аралығы кемінде 80 мм болуы керек. Бұл – тоңазытқыш аспаптың шығатын ауаның жақсы айналуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді (3-сурет).



1-сурет



3-сурет

### 3. БҰЙЫМНЫҢ СИПАТЫ, ҮЛГІСІ, ЖҰМЫСТЫҚ СИПАТТАМАСЫ ЖЕТКІЗІЛІМ ЖИНАҚТАЛЫМЫ

Техникалық деректер

2-Кесте

Техникалық сипаттамалар	үлгілер						
	HS-137RN	HS-228RN	HS-293RN	HD-276FN	HD-316FN	HD-341FN	HD-345RN
Номинал кернеу, В	220						
Тоңазытқыш қалыпты қызметін орындай алатын, желі керенуінің ауытқуы, В	198-ден 242-ке дейін						
Номинал тұыну қуаттылық, Вт	90	90	90	90	90	90	90
Тоңазытқыштың жалпы көлемі, Л	105	175	225	212	242	262	265
Мұздату бөлімінің жалпы көлемі, Л	15	22	25	46	55	55	70
Тоңазытқыш камера температурасы, °С							
кем емес	0						
көп емес	+12						
Төмен температуралы бөлімдегі температура, °С	- 18						
Сақтауға беімделген сөрелер мен бетердің жиынтық ауданы, м <sup>2</sup>	0.46	0.51	0.68	0.59	0.64	0.78	0.71
Тағамдық мұзды мұз қалыбында алу өнімділігі, кг/сағ	0.03	0.03	0.03	0,04	0,036	0,036	0.065
Қоршаған ауа температурасы 25°С болғандағы тұтыну қуаттылығы, кВт • сағ/тәулік	0.46	0.57	0.59	0.62	0.67	0.69	0.68
Массасы, көп емес, кг	31	40	44	45	48	50	55
Белгіленген қызмет ету мерзімі, жастағы	12						
Габарит өлшемдері, мм:							
биіктігі	850	1260	1445	1445	1550	1650	1765
кеңдігі	555						
тереңдігі	570				600		

ЖЕТКІЗІЛІМ ЖИНАҚ ТАЛЫМЫ

3-кесте\*



Құрамдас бөліктер	Атауы	Саны (дана)						
		HS-137RN	HS-228RN	HS-293RN	HD-276FN	HD-316FN	HD-341FN	HD-345RN
Негізгі бұйым	Тоңазытқыш	1	1	1	1	1	1	1
Өнімде жұмыс істеп тұрған кезде алынатын алынбалы бөлшектер	Мұздатқыш сөресі	-	-	-	1	1	1	-
	Үлкен шыны сөре	1	2	3	3*	3*	3	4
	Кішкентай шыны сөре, маленькая, (көкөніске арналған жәшіктің қақпағы)	1	1	1	1	1	1	0
	Көкөніс пен жемістерге арналған жәшік	1	1	1	1	2	2	2
	Мұздатуға және сақтауға арналған жәшік	-	-	-	-	-	-	3
	Жұмыртқаларға арналған ұяшық	2	2	2	2	2	2	2
	Мұзға арналған кішкене ванна	1	1	1	1	1	1	1
	Кішкене тосқауыл	-	2	4	-	-	-	-
	Ортаңғы тосқауыл	2	3	3	3	3	3	3
	Үлкен тосқауыл	1	-	-	-	1	1	1
Есіктің қосымша шектегіші	/	/	/	1	1	1	1	
Қосалқы бұйымдар	Күрекше	1	1	1	1	1	1	1
Пайдалану құжаттамасы	Пайдалану бойынша нұсқау	1	1	1	1	1	1	1

\* - Тоңазытқыштың құрылымы ұдайы жетілдірілуде, сондықтан осы кестеде кейбір өзгерістер болуы мүмкін.



Жиынтықтылықтың жалпыланған көрінісі

Сурет 4



- 1- Сөре мұздатқышы;
- 2 - Әйнек сөресі;
- 3 - Жемістер мен көкөністерге арналған қорап;
- 4 - Жұмыртқаға арналған лайнер;
- 5 - Тосқауыл (шағын);
- 6 - Кедергі (орта);
- 7 - Еосқауыл (үлкен);
- 8 - Қорап (мұздату және сақтау үшін);
- 9 - Реттелетін қолдау;
- 10 - Термостат тұтқасы және плафонда.
- 11 - Мұздатқыштың есігі.

ҚАЗАҚША

#### 4. ЖҰМЫС ІСТЕУ ПРИНЦИПІ

##### Баптау және басқару

Тоңазытқыштың ішіндегі температура режимін термореттегіштің тұтқасын бұрап орнатуға болады (5-суретке қараңыз) және автоматты түрде сатауға болады. Агрегаттың суыту өнімділігін көрсететін межелік реттегіштің тұтқасына түсірілген: «MIN», «MED» и «MAX», «OFF».

5-Сурет

Термореттегіш тұтқасының орны	РЕТТЕУ МАҚСАТЫ
MAX	Жаңа күйіндегі өнімдерді тым ұзақ уақыт бойы сақтау үшін
↑	Суыту дәрежесі жетіспеген кезде
MED	Қалыпты суыту үшін
↓	Артық суыту кезінде
MIN	
OFF	Тоңазытқышты сөндіру



**ЕСКЕРТУ:** Кейбір жағдайларда, термореттегіштің тұтқасы MAX орнында болған кезде тоңазыту камерасындағы кейбір өнімдерді мұз боп қатыу мүмкін. Мұндай жағдайда термореттегіш тұтқасын MED орнына келтіріп бұру керек.

Тағамдық мұз дайындау. Тағамдық мұз оған арналған кішкентай ваннада дайындалады. Ваннаға ауы суын оның шетіне 4-5мм жеткізбей құйыңыз да, мұздату камерасына қойыңыз. Мұз текшелері бөлме температурасында ұстап тұрылған ваннадан 5-6 минуттан кейін бөлініп шығады.

Тоңазытқышты пайдаланған кезде мұздату бөлімінің қабырғасында қарлы қабат пайда болады, сондықтан тоңазытқыш камераның ауасын суыту дәрежесі нашарлайды. Мұздату бөлімін ерітудің қажеттілігін анықтауға болады. Қар жамылғысы қалыңдығының 5 мм-ден артығырақ ұлғаюына болдырмауға кеңес береміз.

Мұздату камерасын мұздан ерітіп алу қолмен іске асырылады. Бұл үшін термореттегіштің тұтқасын [OFF] орнына бұрап қойып, мұздатушының есікшесін ашық калпында қалдырыңыз. Өнімдердің бәрін, мұз текшелерін шығарып тастаңыз немесе тоңазыту камерасына алып қойыңыз. Мұздан ерітіп алған соң мұздату камерасын тазалап, әбден құрғатып сүртіңіз, кейін термореттегіштің тұтқасын алғашқы орнына келтіріп бұраңыз.

**ЕСКЕРТУ:** Мұздатушы камера қабырғасының бұзып қоймау үшін, мұзды жою, мұз боп қатқан өнімдерді айырып алу үшін үшкір нәрселерді пайдаланбаңыз.

Ертіту процесін кешке жүргізуге ұсыныс береміз, өйткені «қарлы тон» таңертеңге шейін еріп қалады.

Электр энергиясын үнемдеп тұтыну мақсатында біз Сізге:

- бөлмедегі тоңазытқыштың орнатылуын белгіленген талаптарға сәйкес іске асыруға;
- ыстық тамақты тоңазытқыштың ішіне салудан бұрын бөлме температурасына дейін суытуға;
- есіктің ашылу ұзақтылығы мен жиілігін азайтуға;
- төмен температуралы бөлімнің буландырғышындағы «қарлы тонның» шамадан тыс ұлғаюын болдырмауға ұсыныс береміз.



Ұзақ уақытқа сақталуға арналып қойылған тоңазытқышты электр желісінен үзіп тастап, оның баусымын солай жинап қою керек, оның бұзылу мүмкіндігі жойылсын және бөлмені жиыстыруға кедергі болмасын.

Тоңазытқышты әр айда кемінде бір рет тазалау керек.

**Қар суына арналған ыдысты 2 айда бір рет тазалау керек(6-сурет).** Жұмыс кезінде компрессордың беті 90°C-ге дейін қызып кетуі мүмкін. Компрессорды қосқан / өшірген кезде тоңазытқыштың сапалылығы мен жұмысқа қабілеттілігіне әсер етпейтін қосымша шуыл пайда болуы мүмкін.

## 5. ТАСЫМАЛДАУ, БҰЙЫМДЫ БУЫП-ТҮЮ, ТИЕУ ЖӘНЕ САҚТАУ



**Тасымалдау.** Компрессор ішіндегі майдың ағып кетіп, оның сықағышына түсіп қалуын болдырмау үшін, тоңазытқышты міндетті түрде автомобильдің шанағына бекемдеп, тік күйінде тасымалдау керек. Егер тоңазытқышты тік күйіне келтірудің сәті болмаса, оның корпусының барынша көп рауалы еңісі 40 градустан аспауға тиіс.

Тоңазытқышты бекемдеу үшін металл бекітпелері бар арнайы жұмсақ белдікшелер пайдаланылады, олар тасымалдау кезінде түрткілерді бәсеңдетіп, тоңазытқыштың бетін тырнап алмайды. Тоңазытқышты тасыған кезде климаттық жағдайларды есепке алу керек, сондықтан оны жабулы автомобиль ішінде тасымалдау жақсы болар еді.



Бұйымды көпденең жайғастыруға болмайды, жайғастырған кезде қораптың жоғарғы жағындағы белгілердің нұсқауын орындаңыз.




Тоңазытқышты тасымалдау кезінде құлап тусуден сақтау үшін, қорапты мықтап бекітіңіз.


**Буып-түю.** Тасымалдаудан бұрын тоңазытқыштың барлық қосымша элементтерін (сөре, жәшік және т.б.) ішінен алдын ала шығарып алып, оны жақсылап буып-түю керек. Буып-түю түрі тоңазытқыш пен тасымал құралының түріне, тасымалдануға жататын арақашықтыққа қарай таңдап алуға болады. Қазіргі уақытта көптеген әртүрлі буып-түйетін материалдар, атап айтқанда: картон, пенопласт, полиэтилен, жеңіл (ауа) көпіршікті қабыршақтар бар. Тоңазытқыштың сырланған беттеріне зақым келтірмеу үшін, тасымалдау кезінде тоңазытқыштың орнынан жылжып кету мүмкіндігінен

сақтау үшін, оны таяныштар мен аралық қабаттар жәрдемімен арашалау керек. Сонымен қатар, тоңазытқыш есікшесінің сенімді бекітілгеніне, тасымалдаған кезде оның ашылып кетпугіне көз жеткізу керек, өйткені тоңазытқыштың компрессоры серіпелерде асып қойылған күйінде жайғасқан. Компрессорға ұланған, мыстан істелген сынғыш түтіктер болмашы соққыдан оп-оңай сынып қалады.

**Тиеу.** Тоңазытқышты автомобильге тиеу – маңызды мезет. Тиеген кезде бұйымды қатты соққы мен түрткіге салуға болмайды, өйткені тоңазытқыштың компрессоры серіппелерде асылған күйінде орналасады. Оның үстіне, компрессорға тіпті болмашы соққыдан да оңай сынып қалатын мыс түтікшелер қосылады.




**Сақтау.** Буып-түюлген тоңазытқышты салыстырмалы ылғалдығы 80%-дан аспайтын ауасы табиғи жолмен желдетілетін жабық бөлмеде сақтау керек. Егер тоңазытқыш ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болса, оны электр желісінен үзіп тастау, өнімдердің бәрін шығару, тоңазыту камерасын мұздан ерітіп алу, камераларды жиыстыру керек. Камералар ішінде ұнамсыз иіс пайда болмасын десеңіз, оларды тазалаған соң есіктерді сәл ғана ашып қойңыз.




## 6. ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚОСУ

### Электр желісіне қосу

 Тоңазытқышты электр желісіне қосу үшін, өтпеліктер (переходник), көп орынды (екі және одан да көп орны бар) розеткаларды пайдалануға **ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ**. Бұл – қызып кетуге және/немесе өртке келтіруі мүмкін.

Тоңазытқыштың сөндіруге арналған арнайы батырмасы жоқ, сондықтан Сіз ге қорек көзін бақылауға арналған құрылғы орнатуға тұра келеді. Ол құрылғы тоңазытқыш аспаптың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді. Тоңазытқыштың қуат беретін ашасы жерге қосылған болып, оны электр желісінің розеткасына тығыздап салу керек. Электрлік қуат көзіндегі ток күші мен жиілігі өндіруші белгілеп қойған дәрежеде болу керек. Электр кабелін тартқан кезде оның сипаттамасы жергілікті заңнамада көзделген (жерге қосылу, қосымша қорек көздерін пайдалану, электр тогы берілісін басқаратын контроллер және т.б. жөніндегі) талаптарға сай болуы керек. Келелі мәселелер туындағанда маманнан кеңес алыңыз.



230 V\_ 50 Hz



**Электрлік сұлба.** (HS137RN, HS228RN, HS293RN, HD276FN, HD316FN, HD341FN, HD345RN үлгілері үшін)



## 7. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ



Тоңазытқыштың қате орнатылуы, жібітілуі, пайдаланылуы, оның конденсаторын дер кезінде тазалау – ақаулықтардың пайда болуын келтіре алады.

Бұзылған тоңазытқышпен, оны жөндеуге жоспарлап қойылған шығынмен байланысты жағдаяттан қашқақтау үшін, техниканы пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерін білу әрі орындау жеткілікті:



1. Тоңазытқышты өшіргеннен кейін іске қосар алдында 5 – 7 минут күте тұрыңыз; тоңазытқыштың мезгілсіз іске қосылуы мотор-компрессордың бұзылуын келтіру мүмкін.



2. Тоңазытқышты мұздан ерітіп алған соң азық-түлік өнімдерін оның ішіне бірден салмаңыз. Мейлі, ол бос күйінде берілген температураны тергенде бірінші үзіліске дейін істеп тұрсын.



3. Термореттегіштің көрсеткіштерін шәкілдің ортасынан асырмай орнатыңыз. Олай болмайтын болса, бұл – тиімді емес. Егер термореттегіш көрсеткішін максимумға келтіріп орнатса, температура мардымсыз өзгереді, ал тоңазыту агрегатына түсірілген жүктеме бірнеше есе көбейеді.



4. Тоңазытқышты пайдаланған кезде қотаруға арналған тесік жиі-жиі бітеліп қалады, осы мезеттен бастап су тоңазытқыш камераның ішінен ағып, әуелі көкөніске арналған жәшіктердің астына, кейіннен камералар арасындағы далдаша арқылы төменге қарай мұздатқыш камераға құйылады (ол далданың ішінде құбыржол бар). Құбыржолдың жемірілуі бір аптадан екі аптаға дейінгі уақытты алады. Сонан соң фреон ағып кетеді, бұл процесс жемірілу дәрежесіне байланысты бір күннен бір аптаға дейінгі уақытты алады. Сондықтан, егер Сіз тоңазыту камерасындағы суды көріп қалсаңыз, бітеліп қалған жерді жерді дереу тазалау керек, бұл шара өз кезінде Сізді тоңазыту агрегатына көрсетілетін жөндеу шығындарынан құтқарады.



5. Тоңазытқыштың ішіндегі мұзды жылы сумен еріту керек. Оны сүртіп тазарту үшін жұмсақ шүберек не фланельді пайдалануға болады. Тоңазытқышты тазалау үшін пышақ сияқты өткір де қатты нәрселерді пайдалануға болмайды. Тоңазытқыш иелерінің мазасын әжептәуір жиі бұзатын проблема, бұл – ұнамсыз бір сұрақ: тоңазытқыш не мұздатқыш камера буландырғышының тесіліп қалған жері қалай пайда болды екен? Ол тесік, әдеттегідей, абайсыздықтан пайда болады. Тоңазытқышты мұздан ерітіп алу процесін едәуір тездету үшін, адам мұзды сындырып алып немесе «қарлы тонды» тазалап, оған пышақпен «жәрдемдесе» алады. Сонымен бірге, мынадай жағдайлар да талай кездеседі: үй бикесіне мұздатқыштың ішінен тез бірдеңе шығару қажет болып, бірақ өнімдердің камераның қабырғасына не түбіне жабыса қатқаны соншалық, қадағыш-кескіш аспапсыз іс оңай тынбайды. Жыртықтар, тесілген я жарылған жерлер солайша пайда болады. Буландырғыштың құрылымы сондай, егерде онда бір ақау пайда болса, оның ішіндегі фреон да шапшаң шыға бастайды. Егер тесілген жерді дер кезінде көріп қалмай, тоңазытқышты электр желісінен үзіп тастамаса, онда бұның соңы ауыр ақаулықтарға әкеп соғады. Мұндағы сөз болып тұрған мәселе – буландырғыштың ішіне су тамып кетеді, ал ол ең алдымен мынадай қауіп төндіреді: буландырғышты жөндеуге болса да, оның жұмысқа қабілеттілігін бұрынғы қалпына келтіру қиын болады.

## 8. АҚАУЛЫҚТАР, ОЛАРДЫҢ СЕБЕБІ, ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ

4- Кесте

Ақаулық, оның сыртқы көрінісі 1	Болуы ықтимал себебі 2	Ақаулықты табу және жою әдістері 3
<p>Электр желісіне қосылған тоңазытқыш істемейді</p> <p>Тоңазытқыш істеп тұрғанда тоңазыту камерасының ішіне түсірілетін жарық жоқ</p> <p>Есікшелер тығыз жабылмайды</p>	<p>Электр желісіне розеткасында кернеу жоқ</p> <p>Аша розеткамен түйіспеген</p> <p>Шам күйіп кеткен</p> <p>Жылжымалы жәшіктер өз орындарынан қозғалып кетпеді ме? Тығыздауыш бітеліп қалмады ма?</p>	<p>Электр розеткасындағы кернеудің барын тексеру</p> <p>Түйіспені қамтамасыз ету</p> <p>Шамды ауыстыру</p> <p>Жәшіктердің орнын тексеру, тығыздауышты жылы сабынды сумен жуып тазарту</p>
<p>Тоңазытқыш салдырап, тарсылдап, шуыл шығарып істейді</p> <p>Тоңазытқыштың ішінде ұнамсыз иіс бар</p>	<p>Тоңазытқыш агрегаттың құбыржолдары тоңазытқыштың корпусына не қабырғаға тиіп тұр</p> <p>Тоңазытқыш бұрыс орнатылған</p> <p>Иіс шығаратын өнімдер, дәрілік препараттар және т.б. ауа кірмейтін етіп буып -түйілмеген</p>	<p>Құбыржолдардың тиіп кеткен жерін жою</p> <p>Реттегіш тіректердің жәрдемімен тоңазытқыштың орнықты тұрысын реттеу</p> <p>Тоңазытқыштың жылы сабынды ерітіндімен жуу, сурту және желдету. Өнімдерді ауа кірмейтін орамаға салу</p>



Құрметті сатып алушы, қандай да бір недостатков түсіндіргенде, повреждений немесе неправоностей изделия кейіннен немесе кейінгі кепілдік қаскүні, Сіз кішкентай уақытқа ұзартылған Сізге рұқсат уақытша сервис орталығы немесе телефон арқылы қоңырау шалу арқылы кепілдік талонында беріледі. Сервис қызметіне барып көрінгенде, тоңазытқыштың үлгісі мен сериялы нөмірін көрсету керек болады.

### КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Егер тоңазытқышты буып-түюге арналған материалдар қайталама шикізат жинайтын орынға келіп түссе, оларды толық қайта өңдеп, пайдаға асыруға болады.



**ТЫҢДАҢЫЗДАР!** Балаларға буып-түйетін материалдармен ойнауға рұқсат бермеңіз, өйткені, картон қорапта жабылып не буып-түйетін таспаға шырмалып қалғанда тұншығу қауіптілігі пайда болады. Кәдеге жаратуға жататын тоңазытқыштың қорек баусымын кесіп тастап, оны жарамсыз күйге келтіріп, осы елдің қолданыстағы заңнамасына сәйкес кәдеге жарату керек.

Тоңазыту жүйесінің ішіндегі R600a суытқыш агентін маман кәдеге жаратуға тиіс. Тоңазыту жүйесінің түтіктерін кәдеге жаратудан бұрын олардың сынып қалмауын қадағалап байқап, ұқыпты болу керек.

### Құрметті тұтынушы!

«ARTEL» сауда маркасы Сіздің таңдауыңыз үшін алғыс айтып, осы бұйымның жоғары сапалылығына, мінсіз қызметіне оның пайдалану ережелерін сақтағанда

Есікті қарсы жаққа ашылу үшін қайта іліп қою

1-Қосымша



Екі бұрама

1. Бұрамаларды бұрауышпен бұрап шығарып, тоңазытқыштың қақпағын алып тастаңыз.


HD- 316FN; HD- 341FN; HD- 345RN



Үш бұрама

2. Жоғарғы топсаның үш бұрамасын бұрап шығарып, есіктің топсасын шешіңіз, жоғарғы топсаны сағат тілінің бағытымен айналдырып, оны мықтап бекітіңіз. Жоғарғы есікті шешіп, шетке алып қойыңыз.

HS- 137RN; HS- 228RN; HD- 293RN; HD276FN



Екі бұрама

2. Жоғарғы топсаның екі бұрамасын бұрап шығарып, есіктің топсасын алып қойыңыз, жоғарғы топсаны сағат тілінің бағытымен айналдырып, оны мықтап бекітіңіз. Жоғарғы есікті шешіп, шетке алып қойыңыз.

HD276FN; HD-316FN; HD-341FN; HD-345RN




3. Ортаңғы топса, болттар, қақпақшалар мен пластик ендірмелерді шығарып алыңыз. Оларды басқа жаққа орнатыңыз. Төменгі есікті шешіп, шетке алып қойыңыз.

Төменгі топса бұрамалармен бекітілген




4. Төменгі бөлімді бөлшектеу және орнату

А. Бұрамаларды бұрап шығарып, төменгі топсаны шешіңіз. Кейін оларды басқа жаққа орнатып, төменгі топсаны мықтап бекітіңіз.




В. Реттелетін аяқтар орнын шкафтың басқа жағына ауыстырыңыз.





С. Есіктің төменгі блоктарының орнын басқа жаққа ауыстырыңыз, бұралмаларды салып, оларды жалғаңыз.



5. Төменгі есікті орнатыңыз.
6. ортаңғы топсаның бұрамаларын кері жақтан салып, мықтап бекітіңіз.
7. Жоғарғы есікті орнатыңыз, оның жоғарғы блогын шешіңіз. Жаңа жоғарғы блокты қарсы жаққа қойып, төменнен мықтап бекітіңіз.

**HS- 137RN; HS- 228RN; HD- 293RN; HD276FN**



8. Білікті (ось) бұрап шығарып, басқа тесікке салып, бұрап ұластырыңыз.

**HD-316FN; HD-341FN; HD-345RN**



9. Топсаның орнын ауыстырыңыз. Бұрамаларды мықтап бұрап қойыңыз.




10. Жоғарғы қақпақты қойыңыз. Екі бұраманы мықтап бұраңыз.

Қар суына арналған ыдысты тазалау

6-Сурет



Компрессор бөлімінің қақпағын шешу үшін, көрсетілген б бұраманы бұрап шығарып, қақпақты шешіңіз.



Қар суына арналған ыдысты компрессор бетінен суретте көрсетілген бағытпен шешіңіз. Ыдысты тазалап, өз орнына қайта орнатыңыз. Компрессор бөлімінің қақпағын тоңазытқышқа қайта қойып, сонан соң б бұраманың жәрдемімен мықтап бекітіңіз.

ПОБУТОВІ ХОЛОДИЛЬНИКИ  
HS-137RN, HS-228RN, HS-293RN, HD-276FN, HD-316FN,  
HD-341FN, HD-345RN.

## ЗМІСТ

Попередження з безпеки .....	2
Загальні інструкції до застосування .....	3
Опис продукту, модель, робочі характеристики .....	6
Принцип роботи (настройка і управління).....	9
Перевезення, упаковка, навантаження та зберігання .....	10
Введення в експлуатацію .....	11
а) Електричне підключення	
б) Електричні схеми	
Технічне обслуговування та ремонт .....	13
Несправності-причини-рішення .....	14

### Шановний покупець!



Дякуємо Вам за придбання холодильники **ARTEL**. Ми раді запропонувати Вам вироби, розроблені і виготовлені відповідно до високих вимог до якості, функціональності і дизайну. Ми впевнені, що Ви будете задоволені придбанням продукції компанії **ARTEL**.

Будь ласка, перед використанням уважно вивчіть цю інструкцію. Воно містить важливі вказівки щодо безпечної експлуатації побутових холодильників і по догляду за нею. Подбайте про збереження справжньою «Інструкція з експлуатації».

**Важливі вказівки позначені символами, показаними нижче:**



Вказівки, які необхідно дотримуватися, щоб уникнути каліцтв і небезпеки для здоров'я споживача.



Вказівки, які необхідно дотримуватися, щоб уникнути поломок і неполадок в роботі холодильного приладу.



Корисні поради по експлуатації холодильного приладу.



# artel



@artel\_official



@arteluzb



[www.artelgroup.org](http://www.artelgroup.org)